

"Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 маусымдағы N 804

Орталық жүйке жүйелері зақымданған балаларға мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің сапасын жақсарту, аталған кемістігі бар балалар үшін қалпына келтіру емдеу қызметін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау министрлігі "Балбұлақ" балалар санаторийінің базасында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне 1996 жылғы республикалық бюджет бойынша оның ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға арнап көзделген қаражат шегінде 75 төсектік неврологиялық бейімдегі "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығын құрсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі